

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА  
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Түркі филологиясы кафедрасы

Қазіргі қазақ тілі пәнінен

## **КУРС ЖҰМЫСЫ**

Тақырып: Қазіргі қазақ тіліндегі қос сөздер



Қабылдаған: Адилова Г.

Орындаған: Искаков С.

Нөкис - 2014

## Ж О С П А Р Ы:

Кіріспе

1. Күрделі сөздерге тән басты белгілер

Негізгі бөлім

1. Қос сөздер және оның түрлері. Қайталама қос сөздердің жасалу жолдары

2. Қосарлама қос сөздердің жасалу жолдары

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

## **Кіріспе**

### **Күрделі сөзге тән басты белгілер**

Күрделі сөз деп кемінде екі я одан да көп дара сөзден құралып, ритм, ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан бір тұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлескен тұрақталған құрама сөзді я сөз тіркесін айтамыз.

Күрделі сөздердің қай-қайсысы болса да әуел бастағы жай сөз тіркесінен шыққан. Бұлардың қалыптасуына әр қилы синтаксистік амал-тәсілдер негіз болған. Сөздердің күрделену процесі бірден туа салатын және тез қалыптаса қоятын құбылыс емес, ұзақ процестерді басынан кешіретін тарихи құбылыс. Осындай процестер үстінде морфологиялық және синтаксистік тәсілдердің күрделі сөз тудырудағы арақатынастарына әр алуан фонетикалық, лексика-семантикалық және грамматикалық факторлар да араласып, әр қайсысы өзінше әр қилы дәрежеде үлестерін қосып, сол қатынастарының дамуына жәрдем етеді.

Қазақ тіліндегі күрделі сөздер сыртқы кескін тұрпатына қарай я біріккен, я қосарланған, я тіркескен, я қысқарған сөздер түрінде кездеседі.

Күрделі сөздерді және олардың түрлерін айқындау мақсат етілгенде, олар әдетте, сөз тіркестерімен салыстыра қарастырылады. Бұлай етуде мынадай себеп бар: күрделі сөз шығу тегі, жасалу жолы жағынан сөз тіркесіне барып тіреледі. Тарихи тұрғыдан күрделі сөз кемінде екі сөздің тіркесуі арқылы жасалады. Ондай тіркестің тілдің даму барысында бір тұтас сөзге (күрделі сөзге) айналуы мүмкін. Сөздердің тіркесінің бір тұтас сөзге айналу процесі бірден бола салмайды және бұл процестің аяқталуын айқындау да әрқашан оңай бола бермейді.

Тіл білімінде лексика-грамматикалық единица ретінде қаралатын сөзге (оның ішінде күрделі сөзге де) тән және оны (сөзді) сөз тіркесінен ажырататын жалпылама белгілер делініп семантикалық тұтастық, морфологиялық тұтастық, синтаксистік тұтастық белгілері аталады.

Семантикалық тұтастық белгісі. Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлардың мағыналық дербестілігі мен грамматикалық дербестігінің күңгірттенуі немесе жойылуы сөздің бұл түрінде семантикалық тұтастықтың пайда болуына алып келеді. Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы әр басқа лексикалық мағынаны емес, тіркескен күйінде бір бүтін лексикалық мағынаны білдіреді.

Морфологиялық тұтастық белгісі. Күрделі сөз де жалаң сөз тәрізді түрленіп, көптеледі, септеледі, жіктеледі. Оның сыңарларының әрқайсысы бөлек-бөлек өзгермей, тұтас күйінде түрленіп, бір тұлғаға ие болады. Күрделі сөздің жеке сыңарлары өздігінен белгілі бір парадигматикалық қатардың мүшелері бола алмайды. Күрделі сөз тұтасқан (бүтін) күйінде ғана парадигматикалық қатарға мүше ретінде ене алады. Мұның өзі күрделі сөздің морфологиялық жақтан тұтастығын, бір бүтін екендігін көрсетеді.

Сөздің морфологиялық тұтастығы туралы ұғыммен тығыз байланысты бір ұғым бар. Ол – сөздің құрылымдық тұтастығы туралы ұғым. Құрылымдық тұтастық сөз атаулының барлық түріне-жалаң сөзге де, күрделі сөзге де бірдей тән, бірдей ортақ белгі. Морфологиялық құрылымы жағынан алғанда, түбір мен жұрнақтың қосындысынан жасалған сөз болсын, түбірлердің бірігуінен, қосақталуынан немесе тіркесуінен жасалған сөз болсын, осылардың барлығы да бір тұтас сөз ретінде танылып, құрылымдық тұтастық қасиетімен сипатталады.

Синтаксистік тұтастық белгісі. Күрделі сөздің синтаксистік тұтастық белгісі дегеннен, әдетте, оның синтаксистік жағынан бөлшектенбей, сөйлемде бір ғана мүше болуы ұғынылады: Мысалы, қолғап, қарақұс деген сөздердің қол, қара дегендері өз алдына, қап, құс дегендер өз алдына бір-бір мүше емес, сөйлемде қол мен қаптың екеуі қосылып бір-ақ мүше. Үйткені, бұларда қол, қара деген сөздер анықтауыш емес.

Бүтіндей сөз, соның ішінде күрделі сөз, тұтасқан күйінде сөйлем құрамында басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түседі. Күрделі сөздің

бірде-бір сыңары дара күйінде өздігінен синтаксистік байланысқа да түспейді, өз алдына сөйлем мүшесі де бола алмайды. Мұндай қызметті күрделі сөз бір бүтін (тұтас) күйінде ғана атқара алады. Ал еркін (синтаксистік) сөз тіркесінің әр сыңары сөйлемде өздігінен синтаксистік байланысқа да түсе алады, дербес мүше де бола алады. Демек, грамматикалық жағынан күрделі сөз-сөйлем мүшелеріне мүшеленбейтін, ажыратылмайтын лексика-грамматикалық единица да, еркін сөз тіркесі-сөйлем мүшелеріне мүшеленетін, ажыратылатын синтаксистік единица.

Күрделі сөздің жоғарыда аталған семантикалық тұтастық, морфологиялық тұтастық және синтаксистік тұтастық белгілері оны (күрделі сөзді) фразелогиялық сөз тіркестері мен синтаксистік сөз тіркесінен ажыратуға көмектеседі.

Біз курс жұмысында қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөздердің ішінде қос сөздердің жасалу жолдарын М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мысалдары арқылы үйренуді мақсат еттік.

## Негізгі бөлім

### 1. Қос сөздер және оның түрлері. Қайталама қос сөздердің жасалу жолдары

Қазақ тіліндегі қос сөздердің құрамдарындағы компоненттер я бір сөздің ешқандай өзгеріссіз қайталануынан, я оның бір сыңарының, не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріліп жамалуынан құралады немесе морфологиялық жағынан бір тектес я синоним, я антоним сөздерден салаласып құралады. Негізгі осы ерекшеліктеріне қарай, қос сөздердің компоненттері семантикалық жағынан я бірдей, я пара-пар болады да, синтаксистік жағынан я ұқсас, я тепе-тең келеді. Бірақ қос сөздердің компоненттері дыбыстық жағынан үнемі пара-пар я тең бола беруі шарт емес. Сөзді қайталау және қосарлау тәсілі- өзінше ерекшелігі мол құнарлы жүйе. Бұл жүйе бойынша сөзді қайталаудан, я қосарлаудан белгілі мағыналар туады. Қазақ тілінің зерттеуші проф. А.Ысқақов қос сөздерді қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деп екі үлкен топқа бөліп қарайды<sup>1</sup>.

Қайталама қос сөздер белгілі бір сөздің я қосымшасыз, я қосымшалы түрінің екі рет қайталануы арқылы, я сол сөздің не бір дыбысының немесе бір буынының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: жол-жол, тау-тау, сөйлей-сөйлей, ат-мат, өзді-өзіне, қолма-қол т.б. Қайталама қос сөздер компоненттерінің ерекшеліктеріне сәйкес, қалыптасқан сыртқы дыбыстық және морфологиялық формаларының өзгешеліктеріне сәйкес, қалыптасқан сыртқы дыбыстық және морфологиялық формаларының өзгешеліктеріне қарай төрт түрлі болады.

1. Қосымшасыз түбірдің қайталануынан құралатын сөздер (қора-қора, мая-мая, кім-кім, биік-биік).

---

<sup>1</sup> А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1991ж. 92-1256б.

2. Қосымшалы түбірдің қайталануынан құралатын қос сөздер. (бара-бара, сөйлей-сөйлей, үйді-үйге, өзінен-өзі).

3. Бір сыңарының дыбысы өзгеріп құралатын қос сөздерге кісі-місі, қағаз-мағаз, шай-пай, қалт-құлт сияқты формалар жатады.

4. Бір сыңары ықшамдалып қайталанатын қос сөздерге ап-ащы, жап-жақсы, кіп-кішкене, теп-тегіс сап-сияқтылар жатады.

1.Ешқандай да қосымшалар жалғанбай-ақ, бір түбір екі рет қайталау арқылы жасалатын қос сөздерге жол-жол, биік-биік, кім-кім, әрең-әрең, қарқ-қарқ сияқты формалар жатады. Бұл қос сөздер әуелгі түбір қай тұлғада тұрса, сол тұлғада тұрып жай қайталану арқылы жасалады. Осы себептен бұл топты жай қайталама қос сөз деп атауға болады. Бір түбірлес үстеу сөздердің қосарлана айтылуы көбінесе мезгіл, мөлшерлік мәндерді туындатады. Мысалы, Ұзын-ұзын ақ сойылдар кезек-кезек қағысып, сарт-сұрт тиіседі (62.1). Сол даладан көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзақ-ұзақ қарайды (7.1). ...бетін қайта -қайта сипап жүріп кетті (461.2). Абай енді-енді ғана анықтап тәуір бола бастаған сияқты (40.1). Бұл қап-қап сақал жиып, базарға сатқалы отырсыңдар ма? (400.2)

Бұл қос сөздердің бірде-біреуі бастапқы түбірден мағына жағынан өзгеше болып түсінерліктей жаңа лексикалық мағына білдірмейді, тек олардың семантикасына саралау, топтау мағынасы жамалып, стилистикалық қызметіне өзгеріс енеді. Мысалы, бес қора қой деген тіркесті бес қора-қора қой деп айтуға болмайды.

2) Қосымшалы түбірдің қайталануы арқылы жасалатын қос сөздер тобына түбірге жұрнақтар да, жалғаулар да жалғанып қосарланатын сөздер жатады. Мысалы: көре-көре, сөйлей-сөйлей, басты-басты деген қос сөздерде қайталанған түбірдің екеуіне де бір түрлі жұрнақ (-й, -е, -ты) қосылса, қызу-қызба деген қос сөзде қайталаған түбірдің екеуіне екі түрлі (-у,-ба) жұрнақ жалғанып тұр. Ал ел-елдің дегенде тек соңғы сыңарына ғана жалғау (-дың) жалғанып тұр. Романнан мысалдар келтірейік: Талай заманнан бері Керей,

Сыбан, Уақ, Бурадан, Қаракесектен мол-мол қылып ұрлатып *алғыза-алғыза*, мыңнан аса жылқы салып алды (198.2).

Қосымшалар жалғанып қосарланған бұл сөздердің де лексикалық мағыналары өзгермей, тек семантикалық мағынасы мен стилистикалық қызметтеріне ғана қосымша реңктер жамалады. Бұл қос сөздер қайталанатын түбірдің я біреуіне, я екеуіне де бірдей қосымша жалғанып жасала беретіндіктен, оларды қосымшалы қос сөз деп атауға болады.

Қайталанатын түбірге қосылатын қосымшалардың формаларына қарай, бұл топ мынадай салаларға жіктеледі:

а) Екі компонентіне де қосымша қосылатын қос сөздер іштей екеуіне де бір түрлі жұрнақ жалғанатын және екеуіне де бір түрлі жалғау жалғанатын болып екі топқа бөлінеді: Мысалы: үйдей-үйдей, таудай-таудай, салалы-салалы, өрелі-өрелі, айта-айта, оқып-оқып, үндемей-үндемей, жылда-жылда, күнде-күнде, оннан-оннан, екіден-екіден т.б.

**-тын,-тін** жұрнақты қосарланған сөздер. Зат есім, сан есімді түбір сөздерге жалғанған бұл жұрнақтар мезгіл мәнді үстеулерді туындатады. Мысалы: Көрші үйден осы қозылардай оқушы балалардың да жамыраған үні Абай құлағына *оқтын-оқтын* естіліп қалады (364.1). Осы кезде Қамқаның да, Қодардың да көздерінен үнсіз жастар *біртін-біртін* сорағытып ағып отыр еді (22.1).

Бір түбірлес қосарланған сөздер көсемше формаларының қатысуы арқылы да жұмсалады. Бұл ретте көбінесе оның –а, -е, -й, -п тұлғалары қатынасады.

**-а,-е** тұлғалы бір түбірлес қосар үстеулер сөйлем ішінде келу ыңғайына қарай көбінесе мезгіл, себеп, амал мәндерінде жұмсалады. Мысалы: Сонымен екі інісі екі жаққа *бақыра-бақыра* жөнілісті (71.1). Намыскер егіншілер мен Шодырлар анық бес мырзаны *ұшыра-ұшыра* домалатты (269.2).

**-п** тұлғалы бір түбірлес қос сөздер де амалдық мәнде келеді: Ол оқ боы ұзап кетіп бара жатып, өз-өзіне ерік беріп, *өксiп-өксiп* жылап келе жатыр (34.1). –Не көрдің?-десіп екеуі де бастарын жастықтан *жұлып-жұлып* алысты (454.1). Жігітектерді *сүйреп-сүйреп* алып шығып жатыр (67.1). Бірақ *айтып-айтып*, *мұңдап-мұңдап* қоятынбыз (93.2). Барлық топ ұйлығып *тұрып-тұрып*, сол арадан кейін қайтты (265.2). Үндеместен жабылып, екеуін *алып-алып* соқты да, тізерлеп басып-басып алды (61.1).

**-ма, -ме** жұрнақты қосарланған сөздер. Бұл жұрнақ үстеулердің алғашқы сыңарына жалғанып, оқиға-әрекеттің орындалуындағы дәлдікті, жедел болған істі айқындап көрсетіп тұрады. Үстеулердің негізі көбінесе зат есімді сөздерден болады: ауызба-ауыз, бетпе-бет, қолма-қол т.б. Мысалы, Енді Тәкежан мен Ысқақ, бұрынғыша, *бетпе-бет* отырып сөйлеспейді (339). Немесе, өзім *жүзбе-жүз* сөйлесем бе? (346). Ол сол ойын дағдылы ішiлдік, ширақтығымен *қолма-қол* іске асыруға асығады (438.2).

**-ға, -ге.** тұлғасындағы қосарланған сөздер. Бұлар негізінен алғанда, көмекші есім сөздерге жалғанып, амал мәнін білдіреді. Септік жалғауының көрсеткіші екінші сыңарда болады. Мысалы: Құнанбай аулынан жан-жаққа қарай **үсті-үстіне** шапқыншылар ұшыртып кетіп жатыр (63.1).

Қосарланған үстеулердің септік формасында келген түрленінен, әсіресе, шығыс, көмектес қалпындағылары жиі ұшырасады. Бұларды өзара саралай көрсетсек, олардың құрылысы төмендегідей болып келеді.

**-дан, -ден** тұлғалы қосарланған үстеулер. Үстеудің бұл қосарлы түрінде аталған қосымша бірде алғашқы сыңарына жалғанса, енді бірде керісінше екінші сыңарына үстемеленеді. Алғашқысында көбінесе амалдық мәнде жұмсалады. Мысалы, қарадан-қарап, көптен-көп, ашықтан-ашық, турадан-тура, құрдан-құр. Ондай көп ұлы бар тоқал *өзінен-өзі* өр боп кететін әдеті (47.1). Соның *көптен-көп* себебі- сіздің әндеріңіз, әнмен айтқызған өлеңдеріңіз болды (582.1).

ә) Қосымша екі компонентіне де қосылатын қос сөздер іштей екі сыңара екі түрлі жұрнақты (үйді-үйіне, орынды-орынсыз, көрікті-көріксіз), бір сыңары жұрнақты, бір сыңары жалғаулы (үйді-үйге, қолды-қолына) немесе әр сыңары әр түрлі жалғаулы (бостан-босқа, өзінен-өзі) бола береді. Мысалы: *Үйді-үйлеріне* қырдан келген көп елдің керуендері жататын да осы адамдар (1.308.). Ауыр апат хабарлары май айының алғашқы күндері бойында *ауыздан-ауызға* көшті(803).*Үйден-үйге, ауылдан-ауылға* өзі әнші, өзі балуан,өзі мінезді Сеит бар таныс жақындарына аса қадірлі боп жүрген (686).

б) Қосымшалы қайталама қос сөздердің бір сыңары жұрнақты (қолма-қол, он-ондап, бес-бестеген) бір сыңары жалғаулы (үй-үйдің, үй-үйге, үй-үйде, өз-өзіміз, өз-өзінен, өз-өзіне) да бола береді.Мысалы: Ай батқан, жұлдыздар да сиреп, *бір-бірден* сөніп жатыр( 215.1). Төрт қасқырды *екі-екіден* байластырып, екі бөліп сүйрете отырып, қоймен бірге ауылға жеткізді (412.2). Жасы қырыққа келіп те білім іздеп, *өз-өзінен* ізденіп, ғалым болып шыққан кісілер бар екен (280.1). Батыра шалғын жасаушы үш жолдасы жаудың қолы әлі жылқыға араласпай тұрған кезде, ояу отырған қалың елді жаудың *тұс-тұсынан* қаптатып қоя берді (627.2). Ай батқан, жұлдыздар да сиреп, *бір-бірден* сөніп жатыр (215.1). *Үй-үйдің* тұсында не арбасы, не таралейкасы тұрады (618.2). Соңғы жылдар Абай домбыраға аса ықылас беріп *екеуден-екеу* отырған оңаша шақтарда, көріктеп күй тартады (381.1).

3) Бір сыңарының дыбысы өзгеріп құралатын қос сөздерге кісі-місі, қағаз-мағаз, кітап-мітап, шай-пай, қалт-құлт сияқты формалар жатады. Тарихи бұл топ та түбірдің бастапқы кездегі жай қайталауынан шыққан; олардың екінші компоненттері бірінші сыңарларының ритмикалық жаңғырығы ретінде жұмсалатын болып қалыптасқан. Бұл қос сөздерден де жаңа лексикалық мағына тумайды; олардың екінші сыңарлары бірінші компоненттерге қосымша реңк қана жамайды. Бірақ жамалатын сол мағыналық реңк бұл топтағы қос сөздердің бәрінде біркелкі болмайды. Олардың сыртқы дыбыстық өзгерістерінің ерекшеліктеріне қарай, семантикалық

айырмашылықтары да болады. Мысалы: кісі-місі, нан-пан тәрізді қос сөздерден қосыну, кеміту тәрізді мағына аңғарылса, сарт-сұрт, жалт-жұлт дегендердің сенмантикалары олардан мүлдем басқа. Бұл қос сөздердің синтаксистік және стилистикалық қызметтерінде де іштей ұқсастық жоқ. Романнан мысал келтірейік: Мысалы, Осымен қалың топ *жапыр-жұпыр* бірнеше рет айқасты (62.1). Қайың сойыл, қара шоқпарлар екі-үш-ақ рет *айқыш-ұйқыш* тиісті (265.1). Өңшең балуан денелі әдейі іріктеліп алынған содыр жігіттер, кейбіреулері сирақтан, жоннан осып-осып, *сатыр-сұтыр* ұрады (439.1). Майбасарды *қаға-маға*, Пұшарбайды айыра берді (68.1). Қол сауда жасап, азын-аулақ өткермесімен *шай-пайын*, ас-ауқатын айырып отырған қалың жаяу, күндегі дағдысын қоя алмапты (455.2).

Бұл қос сөздердің, әдетте, екінші сыңарлары өзгереді. Бірақ өзгеріс сол екінші сыңардың бірде дауыссыз дыбысында, бірде дауысты дыбысында болып отырады. Мысалы, сұт-мұт, сиыр-миыр, шай-пай, кемпір-семпір дегендерде қайталанатын компоненттердің дауысты дыбысы өзгерген. Ал, бұл өзгерістердің заңдылықтары мынадай:

а) Егер сөздің бірінші дыбысы дауыссыз болса, ол дыбыс қайталанғанда көбінесе м ( тас-мас, қол-мол, көз-мөз, тіс-міс т.б.), әредік с (кемпір-семпір, мәре-сәре) немесе п (шай-пай, нан-пан) дыбыстарына ауысады. Мысалы: Мысалы: Өзен жағасына келсе, Оспан, смағұл бастаған көп кішілеу балалар салқын, мөлдір суда асыр салып, шулап, ойнап, *мәре-сәре* боп жатыр екен (140.1). Майбасарды *қаға-маға*, Пұшарбайды айыра берді (68.1). Анау ит екен деп, ытқып шошып кеткенде төбесін маңдайшаға *соға-моға* қонақ үйдің төріне барып бір-ақ шыққан (33.1). Ауру *кемпір-сампырымыз* бар еді, кем-кетік, ақсақ-тоқсақ, әке-балаларымыз бар еді (389.1).

ә) Егер сөздің бірінші дыбысы дауысты болса, қайталанатын сыңарға сол дауысты дыбыстан бұрын дауыссыз м дыбысы қосылады. Мысалы: ат-мат, ет-мет, от-мот, ыс-мыс, іс-міс, үй-мүй, ошақ-мошақ, өре-мөре, ысқырық-мысқырық, үскірік-мүскірік т.б. Романнан мысал келтірейік: 1. Тіпті қойныңа

тыққан *ұры-мұрыңмен* де жатсың, бөтенсің демеймін деп қараған сияқты (1.8).2. Шай ішіліп болған соң, Өтегелді мен Дәрмен *«ат-мат»* дегенді сылтау еткен боп, бір бөлек кетті (2.222).

б) Егер қайталанатын бірінші түбірде ашық дауысты дыбыс болса, қайталанатын екінші жаңғырық сөзде ол дыбыс еріндік қысаң дауысты дыбысқа ауысады. Мысалы: *арс-ұрс*, *даң-дұң*, *шаң-шұң*, *шақыр-шұқыр*, *сатыр-сұтыр*, *қараң- құраң*, *жапыр-жұпыр*, *жалтаң-жұлтаң* т.б. Романнан мысалдар келтірейік: Осымен қалың топ *жапыр-жұпыр* бірнеше рет айқасты (62.1). Қайың сойыл, кара шоқпарлар екі-үш-ақ рет *айқыш-ұйқыш* тиісті (265.1). Өңшең балуан денелі әдейі іріктеліп алынған содыр жігіттер, кейбіреулері сирақтан, жоннан осып-осып, *сатыр-сұтыр* ұрады (439.1).

4) Бір сыңары ықшамдалып қайталанатын қос сөздерге ап-ащы, жап-жақсы, кіп-кішкене, теп-тегіс, тіп-тік, сап-сары сияқтылар жатады. Қос сөздердің бұл түрі үстеме буынды немесе күшейтпе буынды қос сөздер деп аталады. Бұл сөздердің үстеме я күшейтпе буындары тиісті сын есімнің әуелгі толық компонентінің әрі қшамдалып, әрі соңына п дыбысын жамап алып, бір тұйық я бітеу буынға айналуынан пайда болған. Бұл күшейтпе буын сын есімнің негізіне мынадай екі түрлі жолмен үстелетін болып қалыптасқан:

а) Егер қайталанатын негіздің бірінші буыны ашық болса, алғашқы буынына қатаң еріндік п дыбысы қосылып, үстеме буын я бітеу, я тұйық буынға айналады. Мысалы, Абайдың көңіліне Тоғжанның шолпысы шылдыр-шылдыр етіп, *ап-ашық* естіліп бара жатқан сияқты. Жұрттың бәріне де бұл жай *оп-оңай* танылды (68.1). Бәрін *қап-қатар* өсіріп қойған қай құдай!?-деді (581.2).

ә) Егер қайталанатын негіздің бірінші буыны жабық я бітеу болса, сол алғашқы бітеу буынның соңғы дауыссызы түсіп қалады да, оның орнына қатаң п дыбысы жалғанып, үстеме буын жоғарыдағыша я тұйық, я бітеу буынға айналады. Бұл үстеме буын сөзге жаңа лексикалық мағына қоспайды,

тек ұлғайту я солғындату реңкін жамайды. Мысалы: кең-кеп-кең, сұр-сұп-сұр, үлкен-үп-үлкен, дөңгелек-дөп-дөңгелек т.б. Марғұланды бау-бақшалы бір жайда *жап-жақсы* тұрып жатырмыз (447.2). *Үп-үлкен* басыңмен өзіңнен бұрын мені ойлауды бір қоймайсың-ау, Ербол! (351.2). Неге осы, жазғы тұрым күзеген тай-құнанның жалындай осының бәрі біп-бірдей? Бәрін *қап-қатар* өсіріп қойған қай құдай? (581.2).

Қайталама қос сөздер тіліміздегі негізгі грамматикалық сөз таптарының бәрінен де жасалады және қайталанатын сөз қай сөз табына тән болса, туған қайталама сөз де сол сөз табына қатысты болады.

Қайталама зат есімдер: 1.Тіпті қойныңа тыққан *ұры-мұрыңмен* де жатсың, бөтенсің демеймін деп қараған сияқты (1.8).2. Сол құрғыр құяң, *буын-буынымнан* ұстағанына тоймай, енді жүрекке де шауып жүр (552.2). *Сүйек-сүйегі* адырайып, көк тамырлары көрініп, салдырап қапты (261.2). Жалпақ ел, бар ауылдар осы жайлауға көшу сапарында балалардың *«ауыл-ауыл»*, *«күрке-күрке»* деген ойынын ойнап жүрген сияқтанады (39.1).

Қайталама сын есімдер: Бұндағы сапқа тұрған барлық қазақ болыстары, шапшаң сыбырласып, *шолақ-шолақ* үндермен дабырлап, қожырап қалды (367.2). Абай, қазір Қарамолада шербешнай съезд шақыртып отырған *зор-зор* дауларды, ел шабуларды, барымтаны, үлкен тынымсыз ұрлық сияқты қылмыстарды санап өтті (375.2). *Қап-қара* ашық көздері де жазықсыздан жаза шеккен панасыздық, сор үйелегендей. Арық *құп-қу* беттерінде аштық табы да бар. (82.2). Етікші Сақыптың, отыншы Түсіптің өлімдері енді *жеке-жеке* ащы қасыреті, ауыр тағдырымен көзге айқын, жақын елестеді (432.2).Өзінің балалары Хасейін, Қасымжан, Елеу дегендерін және де *бөлек-бөлек* ауыл етіп, жаңағы құдық басынан қашаңдау, шашырата қондырған (608.2). Бұлардың кейбірі Тобықтының *жуан-жуан* руларының ұрылары (614.2).

Қайталама сан есімдер: Егер бар оқыған, жақсы білім алған қазақ жастары, тіпті өзді-өз еліне, оязына барып, сонда Алтынсарин ашқандай *бір-*

*бір* орыс школын ашса, бүгінге, әзірге үлкен істің басы сол емес пе? (294.2). Төрт қасқырды *екі-екіден* байластырып, екі бөліп сүйрете отырып, қоймен бірге ауылға да жеткізді (113.2). Сары сүйектен істелген жылтыр, жұмыр «құмалақтар» ұядан-ұяға *тоғыз-тоғыздан* сырт-сырт түсіп жатты (572.1). Семейдің *бірден-бір* газеті «Облыстық Мәлімдеме», патшаның өлімі туралы Михайловтың хатынан артық еш нәрсе жаза алмапты (491.1).

Қайталама есімдіктер: *Өзімен-өзі* боп, ерте мен кештерде ауылдан бөлініп, дөң асып кетіп жүрген (173.2). Қазір олардың оба еместігіне больница таңданса, олар *өзді-өзі* де аң-таң (437.2). Абайдай ел аузына ілініп, жақсы аты шығып келе жатқан жігітке «мұнысы несі?» деп, *біреу-міреу* күле ме? (240.2). Үйіне кім келеді? Өзі қайда барады? Немене ішіп, не жейді? деп *бәрін-бәрін* сұрайды кәрі төбет (499.1).

Қайталама үстеулер: Ол сол ойын дағдылы ішiлдік, ширақтығымен *қолма-қол* іске асыруға асығады (438.2). Үшеуі де *жүзбе-жүз* келгенде, Абайдан ығып жүретін туыстар (204.2)... Міне өшірдім!-деді де, жанағы екі ауыз өленді *қайта-қайта* сызып, өшіріп тастады (87.2). –Абай аға, өзіңізге *ауызба-ауыз*, оңаша айт деген Шәкенің сәлемі бар еді!-деді (205.2).-Жалғыз-ақ өтінішім, бұдан әрі *көзбе-көз* отырып сөйлесейік (244.2). Осылай екі абысынды кезек жанығандай боп, қоздыра түскен жанды сөз, *енді-енді* түйінді жеріне тақалды (312.2). Ұзын-ұзын ақ сойылдар *кезек-кезек* қағысып, *сарт-сарт* тиіседі (62.1)

Қайталама қос сөздердің түр-түрлерінің өзара мағыналық айырмашылықтары сол сөздердің қайталау түрлеріне, олардың сыртқы морфологиялық формаларына байланысты. Себебі қайталаудың әрбір түрі я үлгісі тиісті семантикалық я грамматикалық мағына тудыратын грамматикалық форма ретінде қалыптасқан тәсілдер деуге болады. Өйткені қайталама қос сөздердің формаларын да басқа-басқа қаншалықты түр болса, олардың соншалықты мағыналық реңктері де болады. Демек өзіне тән ерекшелігі бар әрбір мағыналық реңктің өзіне лайық формасы да болады.

## 2. Қосарлама қос сөздердің жасалу жолдары

Қосарлама қос сөздер лексикалық мағынасы басқа-басқа екі түрлі сөзден құралады. Мысалы: ата-ана, үлкен-кіші, ертелі-кешті, жиырма-отыз, ол-пұл, қарғап-сілеп, сүріне-жығыла, туған-өскен, аума-төкпе, жатса-тұрса, ілгері-кейін, алды-арты, іші-сырты т.б.

Қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес (пара-пар) сөздерден (компоненттерден) құралады. Мысалы: әке-шеше, әні-міні, алты-жеті, алды-арты, үсті-басы, туған-өскен, ойнап-күліп деген тәрізді сөздердің әрқайсысының компоненттері мағына жағынан бір-біріне орай, өз ара бір-бірімен жақын, ыңғайлас сөздер; олар морфологиялық төркіні жағынан да, бір тектес, демек, белгілі бір ғана сөз табына тән, әрі формалары біркелкі сөздер және осындағы әрбір қос сөздің компоненттері синтаксистік қызметтері жақтарынан біріне бірі әрі бағынбай, әрі бірінен бірі тәуелсіз болып салаласа құрылған күрделі сөздің бірімен-бірі тең табиғи бөлшектері есесінде қызмет етеді. Бұл аталған үш түрлі ерекшелік қосарлама сөздердің күрделі сөз болып жасалуына негізгі таяныш болумен бірге, олардың өзге күрделі сөздерден ажырауына да негізгі белгі есесінде қызмет етеді.

Компоненттері морфологиялық жағынан бір тектес, синтаксистік жағынан өз ара тең (пара-пар) болатындықтан, қосарлама қос сөздің мағынасы құрамындағы екі компоненттің де мағынасын бірдей қамтиды да, жалпылау, топшылау, жинақтау, болжалдау, мөлшерлеу тәрізді ұғымдарды білдіреді<sup>1</sup>.

Бірақ компоненттерінің мағыналық дербестігі болу я болмауы жағынан алғанда, қосарлама қос сөздердің өздері де біркелкі емес. Мысалы: құрбы-құрдас, шыбын-шіркей, қауіп-қатер, мәз-мереке, ат-жөн, қалғып-шұлғып, ақыра-зекіре, жығыла-сүріне, асықпай-саспай, ұрмай-соқпай, жүрген-тұрған,

---

<sup>1</sup> А.Ысқақов Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы.. 1991ж. 114-б.

көрген-білген т.б. қос сөздердің екі компоненттерінің де дербес лексикалық мағыналары бар. Ал жаман-жәутік, тоқты-торым, қойшы-қолан, әуре-сарсаң, жүдеп-жадап, жылап-сықтап дегендердің бір сыңарларының дербес лексикалық мағыналары жоқ я олар әлсіреген. Сонымен қатар тілімізде екі компонентінің де дербестігі жоқ алба-жұлба, ағл-тегіл, алай-түлей, астан-кестен, тырым-тырақай сияқты қос сөздер де бар. Сөйтіп қосарлама қос сөздер компоненттерінің дербестігі бар я жоқтығына қарай, біріншіден, екі компоненті де бірдей мағыналы қос сөздер, екіншіден бір компоненті мағыналы, бір компоненті мағынасыз қос сөздер және үшіншіден, екі компоненті де бірдей мағынасыз қос сөздер болып үш түрге бөлінеді.

Қосарлама қос сөздерді компоненттерінің морфологиялық құрылымына және сөз таптарына қатынасына қарай бөліп, оларға да өзінше тиісті сипаттама беруге болады.

1)Компоненттерінің морфологиялық құрылымына қарай, қосарлама сөздерді екі салаға бөлуге болады:

а) негізгі түбірден құралған қосарлама сөздер:

ә) туынды формалардан туған қосарлама сөздер.

Түбір сөздерден құралған қосарлама сөздерге мынадай сөздер жатады: ас-су, ат-жөн, бала-шаға, бас-аяқ, дос-жар, дәм-тұз, ес-түс, етек-жең, жол-жоба, жер-көк, жүн-жұрқа, күш-қуат, ойын-күлкі, ұшы-қиыр, шет-жаға т.б.

Туынды формалардан құралған қосарлама сөздер екі түрлі болады. Біріншісі-екі сыңарына да бірдей жұрнақ жалғанған формалардан құралған, екіншісі- бір сыңарына ғана жұрнақ жалғанған формалардан құралған қосарлама сөздер. Бес жүз қол Оразбайдың ауылдарының үстінен, дауылдан бетер, селден ауыр әлек салып, *арлы-берлі* өтті (696.2). Жоғарыдағы төрт жігіт,Қодар денесін қаумалап, *ілгерілі-кейінді* толқытып тұрып, бір кезде тастап жіберді (30.1)...*Шикілі-нісілі* домалатып, қылғып салып отыратын талай пәле басы атқамінерлер болады (38.1).Үнсіз жығылған жігіттің бар

сырын аңғарған, әншейінде, *сырлас-мұңдас* Қаңбақ, Исаны қатты мүсіркеп кетті.

Азды-көпті, алым-салық, келім-кетім, ұрыс-керіс, ерсілі- қарсылы, сүріне-жығыла, асықпай-саспай, алық-берік, жатса-тұрса, көрген-білген, малды-малсыз, ондай-мұндай, атарман-шабарман, онша-мұнша сияқты қосарлама сөздер екі компонентіне де жұрнақ жалғанған сөздерден құралған. Мысалы: Қаланың көп сомалы байларынан да Оразбайдың құда боп, тамыр боп, мол *алық-берікке* аралсып алған жандары көп (356.2)

Қосарлама сөздің екі компонентіне де бірдей жалғанатын жұрнақтар көбінесе бір ғана түрлі болып қосылады, кей-кейде ғана екі түрлі (алым-салық, ішіп-жем) болады. Ал, өте жиі қолданылатын жұрнақтар мыналар: -лы, -лі,-ды,-ді,-ты, -ті (азды-көпті, ерлі-зайыпты); -м, -ым, -ім (алым-берім, өлім-жітім, ішім-жем); -с, -ыс, -іс (ұрыс-керіс, кіріс-шығыс, жүріс-тұрыс); -лық,-лік, -дық,-дік, -тық,-тік (өштік-қастық); -нды,-нді (жуынды-шайынды),-шы,-ші (хабаршы-жаршы); -н, -ын, -ін (боран-шашын, жауын-шашын). Романнан мысалдар келтірейік: Сол балалардың күнделеп тақан азын-аулақ тиындары осы үйдің бүгін талшық етіп отырған *ішім-жемі* екен (405.2). *Кіріс-шығыстың* – бәрінің тұсында үнемі кітап ұстап отырған ерін көрген Әйгерім, бөгде ешнәрсе сезген жоқ (173.2).

Бір сыңары ғана жұрнақты компоненттерден құралатын қосарлама сөздер сан жағынан аз. Ондайларға, мысалы, артық-кем, жем-шөп, киім-кешек, жол-жорық, кем-кетік, тамыр-таныс сияқтылар жатады. Сыңарларына жұрнақтар жалғанған сөздер жоғарыдағы екі сыңарға бірдей қосылатын жұрнақтардай теңестіруші, құрастырушы форма ретінде қызмет етпейді, тек екінші сыңарға семантика жағынан орайлас келетін дайын сөз ретінде ғана пайдаланылады.

2) Жалпы қос сөздер, оның ішінде қосарлама сөздер тіліміздегі негізгі грамматикалық сөз таптарын түгел қамтиды да, өздері сол сөз таптарына қатысты болады. Мысалы:

а) азық-түлік, ас-су, ақыл-айла, ауру-сырқау, боран-шашын, дәм-тұз, етек-жең, сақал-шаш, жетім-жесір сияқты қосарлама сөздердің компоненттері зат есімдерден құралған да, соған сәйкес, қосарлама сөздердің өздері де түгелдей дерлік зат есім болады. Мысалы: Бұл шақта *сақал-шашы* ғана емес, қабақ түгіне шейін-ақ араласып, тікие сояуланған Дәркембай насыбайын иіскеп, ауыр ойлы есті басын изей түсіп отыр (74-б2.). Тәкежан «*ас-суға қарамаймын, тығыз ғана сөзім сенің өзінде!*» деп еді, Абай оңашалаған жоқ. Дәмежан ашық жауап беріп амандығын айтып, Абайдың *үй-жайын, ауыл-аймақ, ел-жұртының* амандығын байыптап сұрады (398.2). *Ішін-жемін* біреуден тілеп алмай, өз үйлерінен татқанына *қатын-бала, кәрі-құртаң, әкешеше* де ырза болысатын (485.2).

ә) Ақ-кара, ашық-айқын, тату-тәтті, тәтті-дәмді, ашы-тұщы, ауыр-жеңіл, жақсы-жаман, алыс-жақын, мұртты-сақалды сияқты қосарланған сөздердің өздері де, олардың компоненттері де – сын есімдер. Романнан мысал келтірейік: Және ас пісіретін кісілер жас малдардың *жылы-жұмсағын, тәтті-дәмдісін* бапты ғып мол-мол асын (387.2). Абай Юнусбек халфенің жұқалаң, кішкене денесі мен сұлуша *ақшыл-қызғылт* жүзін андып отыр (522.2). Бұдан былайғы тірлікте Дәрмен мен Мәкеннің қолында тұрса, олармен *тату-тәтті* болмақтан бөтен ой, басқа мінез өзінен шықпайтынын саналы әйел жақсы аңғарды (551.2). *Ақ-қарасы* әлі де айқын, таза, ұзынша көздері өзгеше боп телміре түсіп, шарасынан асып үлкейіп қарайды (325.2). Ауылдың басты еркектері болмаған соң, әртүрлі жаңағыдай *ірік-шірік* сөздер тастап кететін көрінеді (594.2). Көк жиек *қоңыр-көкшіл* қалың күңгірт бояуға ауысқан. Тек батыс жақ, әлі кешкі шапақ *қызыл-көк* арайынан түгел арылып болған жоқ (617.2). Тәрбиесі, өскен ортасы, бастан кешіретін *ауыр-жеңіл* тіршілік жағдайлары есеп емес (180.2). Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған *сар-қызыл* бәйбіше жаңағы дауыстарды түгел естіді (8.1). Ол бөлмеде табалдырығынан бастап, жап-жаңа *қызыл-жасыл* тықыр алаша төселген (480.1).

б) Бір-екі, үш-төрт, жеті-сегіз, он бес-он алты, жиырма-отыз, сексен-тоқсан дегендердің компоненттері жеке-дара сан есімдер болса, олардан қосарлану арқылы жасалған күрделі формалары да күрделі сан есім болады. Бірақ кәдімгі сандарға қосылатын реттік санның –ншы (-ыншы,-інші) формасы қосарланған сандарға жалғанбайды. Романнан мысалдар келтірейік: Ал, орталық тұста көбінше іргелесіп, кейде қабаттасып отырған, *жеті-сегіз* қанат үлкен үйлер мен отаулар мол (184.2). Енді өзен жағасына жақын отырған ауылдың *екі-үш* иті үріп, *бір-екі* барақ жүн, қарала қаншықтар алдарынан жүгіре шығып еді (232.2). Бұнда Семей оязының *бес-алты* болысы бар (383.2). Осы жақтың базарында да бір кез *жиырма-отыз* адамның басын қосты. Мал базарында, тағы бір шақ, өзінің арбасының айналасына жиылып келген *отыз-қырық* адам арасында сөйледі (459.2).

в) Есімдіктерден тек ол, бұл, оны, мұны, әні, міні деген формалар ғана қосарланады (мысалы, ол-пұл, әні-міні, оны-мұны). Сондай-ақ осы есімдіктерден туған олай-бұлай, ондай-мұндай, онша-мұнша, онда-мұнда, одан-бұдан тәрізді формалар қосарланады. Мысалы: Содан *онда-мұнда* түртіне жүріп, енді мына қыс түсіп, қар бекігелі забойға кірген ем, сондамын!-деді (565.2). Бұл әсіресе мал көбейтіп, жерде мол қамтуға тырысатын, көптігіне сеніп, *анау-мынаудан* онша қысылып-қымтырыла қоймайтын ауылдар (19.2). Ол жаңағы Жексен аулында бір-екі кісімен тіл қатып, *оны-мұны* естіп қалған екен (34.1).

г) Үстеулердің ішінен қосарланатындар мыналар: ілгері-кейін, әрі-бері, жоғары-төмен, күндіз-түн, күні-түні, ерте-кеш, бүгін-ертең, қысы-жазы, өте-мөте, оқта-текте т.б. Мысалы: *Қысы-жазы* тынымсыз жүк тартуда (681.2). Абай жатқан үйге *ертеңді-кеш* көп кісі келеді (410). Көктемге шейін *күндіз-түні* кітап оқуға салынды (104.1).

д) Еліктеуіш сөздердің ішінде де қосарланатын және солар арқылы туған қосарлама еліктеуіш сөздер бар. Мысалы, оларға: арбаң-ербең, абыр-сабыр, албыр-салбыр, бұрқ-сарқ, салдыр-гүлдір, сатыр-гүтір, ыржың-тыржың т.б.

сияқтылар жатады. Романнан мысалдар келтірейік: Бәріміздің жиылып, тауықша шөкімдеп тауып, тергеніміз тек қана сол ішкен тамақ пен осы үстіміздегі бір-бір қабат лыпаға *тақ-тұқ* жетіп отырады (405.2). Жаяу базардың оқшау бір белгісі: ең әуелі тынымсыз *балдыр-бұлдыр, дабыр-дұбыр, саңғыр-сұңғыр*, үздіксіз сөйленіп жатқан үндер, сөздер естіледі (456.2). Мәкен дауының ең алғашқы *бұрқ-сарқ* еткен тасқыны бәсеңдей бере, Әбіштің сапарға аттану кезі тақап қалды (530.2).

Қосарлама сөздер мағыналық ерекшеліктеріне қарай екі салаға бөлінеді:

а) мағыналы компоненттерден құралған қосарлама сөздер;

б) мағынасыз компоненттерден құралған қосарлама сөздер.

### **Компоненттері мағыналы қосарлама сөздер**

Бұл қосарлама сөздердің құрамдарындағы компоненттерінің екеуінде де өзді-өзіне лайықты дербес мағыналары болады. Бірақ олар іштей мағыналары бір-біріне қарама-қарсы (антонимдес) сыңарлардан, бірімен-бірі мәндес (синонимдес) сыңарлардан, мағыналары бір-біріне ұштас сыңарлардан құрылған болып үш топқа бөлінеді:

1. Қарама-қарсы (антонимдес) сыңарлардан құралған қосарлама сөз жинақтау, топтау ұғымын білдіреді. Ондай компоненттер біріне-бірі жетекші, я көмекші бола алмайды, екеуінің де қызметі бір-бірімен тең болады. Мысалы: Шашырай ұшып жан-жаққа безіп бара жатқан *үлкенді-кішілі* үйрек, қаздар да көрінеді. Ол өткір әзіл күлкісін де отырғандарға *оңды-солды* кезек-кезек айтып отыр. *Қысы-жазы* тынымсыз жүк тартуда (681.2). Абай жатқан үйге *ертеңді-кеш* көп кісі келеді (410). Көктемге шейін *күндіз-түні* кітап оқуға салынды (104.1). Құран аударған молдадай *ілгері-кейін* теңселе беріп (11.1). Бірақ қара үйлердің *жас-кәрісі, еркек-әйелі* сол малдың неше түлігін иелерінен артық біледі (161.2). *Жаман-жақсы* болсын, менің қобалақтағанымнан арба, шана шығады (235.2). *Алды-артында* тыным жоқ, ағыл-тегіл ақтарыла береді!-дейді (407.2). .. Сол сәттерде және отыз-қырық кісінің аузымен осы атыраптағы *үлкен-кішінің, алыс-жақынның* бәріне де

тарады (610.2). Одан қала берсе Қытай жерінде, Тарбағатай, Сауырдың *іші-тысында, оң-терісінде* тағы талай қазақ бар, -деді (640.2). *Өлі-тірісін* берген соң, өлі күйеу жата ма? деп, өзің қалайсың? (91.1.). Қолына үйде отырғанда үнемі ұстап *кіріс-шығысын* қағып есептеп отыратын шотын алып, соны *әрлі-берлі* қозғай түседі (719.2). Бағана атқа мінгеннен бері осы өңірде *жоғары-төмен* сыпылдап ұшып, топ шүрегейлер жүрген (376.1).

2. Мәндес сыңарлардан қосарланған сөздер мағыналары бір-біріне жақын сыңарлардан құралады да, топтау, жинақтау ұғымдарын білдіреді. Мысалы: зәре-құт, дос-жар, ыза-ашу, қауіп-қатер, ес-түс, уайым-қайғы, түр-түс, мінез-құлық, кескін-кейіп, бет-жүз, дене-тұлға, сауық-сайран, тәлім-тәрбие, өсім-өнім, ел-жұрт, үлгі-өнеге сияқты қосарлама зат есімдерді, шаршап-шалдығып, өкіріп-бақырып, ойланып-толғанып, жата-жастана, жығыла-сүріне, жазбай-жаңылмай, арыған-талған, қақтыққан-соқтыққан сияқты қосарлама етістік формаларының мағыналары жақын, синонимдес сыңарлардан құралған. Мысалы: Арасында *қайғы-қасырет* тартушы менмін дегені кімге дәрі, не жұбаныш? (2.18.). Майыр екеуміз бірге де талай істестік. *Дәм-тұзымыз* араласты ғой (1.168). Былтыр ала жаздай серілік құрып, ел қыдырып, қыз-келіншекпен *сауық-сайран* салмадым ба? (1.6). Бір жағы құда деп, екіншіден өзі, сол Құнанбай балаларын мынадай іс үстінде өзіне *дос-жар* етіп алмақ (132.2). Ендеше не керек, *бетің-жүзің* бар демей қарсы алысу керек (223.2). *Әл-қуаты* бар *ер-азамат*, Ертіс бойлап, орыс ішіне пайдаға, жалдамаға кетті (238.2).

Бірақ қосарлама сөздердің бәрі де топтау, жинақтау ұғымдарын білдіргенімен, олардың әрқайсысының мағынасында компоненттерінің ерекшеліктеріне қарай, өзіне тән әр алуан субъективтік, экспрессивтік, эмоциялық өзгешеліктер болады. Мысалы, мына мысалдардағы қосарлама сөздердің мағыналарын көрейік: Сонау Тарбағатайға жапа-жалғыз бару, арып-ашып, шаршап-шалдығу, *қауіп-қатер* кешу, мал алып қайту оңай деменіз.

3. Ұштас мәнді сыңарлардан қосарланған сөздер бір-біріне өз ара қарымдас, ұқсас ұғымдарды білдіретін дара сөздерден құралады. Бұл сөздер де тым жалпыланған, аса жинақталған ұғымдарды білдіреді. Мысалы: аяқ-қол, өкпе-бауыр, ыдыс-аяқ, қазан-аяқ, аға-іні, әке-шеше, ағайын-туған, етек-жең, қазан-ошақ, қол-қанат, соқа-сайман, төсек-орын, ән-күй, өнер-білім тағы басқалар коррелятивтес сөздерден құралған. Романнан мысалдар келтірейік: Мысалы: *Ата-ана, ағайын-туған* жат көрсін (1.311).2. Туған елінде *өнер-білім* болуы қандай сый (1.566.).3. Ұйықтайтын болса, *төсек-орнын* баптап бер,- деді (1.415). Қысы-жазы *арба-шана, соқа-сайман*, күрек, шот, балта, орағын үнемі баптап беретін осы кісі (2.173-б.). *Қол-аяғы* шидей (1.128). 2.Оспан сияқты *аға-інілері* болатын (1.149-б).

Осындағы ыдыс-аяқ деген сөзді алсақ, ол ұғымның ішіне шыныаяқ та, кесе де, табақ та, тегене де, пышақ та, шанышқы да, қасық та, ожау да, кәкпір де, шелек те, шәугім де- қысқасы- ас-суға қатысты аспаптардың бәрі де енеді. Сондай-ақ ағайын-туған деген ұғым әке, шеше, апа, қарындас, аға, іні, нағашы, жиен тағысын тағы үрім- бұтақты тегіс қамтиды. Қос сөздердің бұл түрлерінде де әр қилы стилистикалық реңк, эмоциялық әсер жасайтын қабілеттер болады.

ә) Компоненттері мағынасыз қосарлама сөздер

Компонентінің не біреуі, не екеуі де жеке-дара қолданылмайтын, мағынасы түсініксіз немесе некен-саяқтап қана қолданылмайтын, мағынасы түсініксіз немесе некен-саяқтап қана қолданылатын құрамнан жасалатын қосарлама сөздер екі түрлі болады: бірінші түрі- бір сыңары ғана түсініксіз сөздер, екіншісі- екі сыңары да түсініксіз сөздер.

Бір сыңары түсініксіз қосарлама сөздерге мыналар жатады: айқай-сүрен, арық-тұрақ, азын-аулақ, азын-шоғын, айып-анжы, әуре-сарсаң, бала-шаға, борыш- қарыз, емін-еркін, жаман-жәутік, жүн-жұрқа, жоқ-жітік, жеңіл-желпі, жігіт-желең, көл-көсір, көйлек-көншек, кедей-кепшік, көрші-қолаң, киіз-кепшік, киім-кешек т.б. Романнан мысалдар келтірейік: Құнанбайдың

алдында үндемей отырып,былай шыға бере, *бала-шаға*, малшы-жалшыны сықпыртып боқтап жүру оның дағдысы болған (1.141.). Сол шығын өске сайын іші ауырып, ең ақыры осы кездерде Ұлжанды *абысын-ажынға* да, ағайын-жақын үлкенге де, тіпті *бала-шағаға* да жамандай бергіш болып еді (1.164). Көп келіндер, жұмысшы, сауыншы, жылқышы, биешілер сияқты жұпыны жүзді, *көрші-қолаң* да көп (144.2).

Олардың ішінде бірінші сыңарлары түсініксіз қосарлама сөздер де (көр-жер, опыр-топыр, тай-талас, ұлан-байтақ, ығын-шығын), екі сыңары да бірдей түсініксіз (абыр-сабыр, ағыл-тегіл, алба-жұлба, алай-түлей, астан-кестен, анда-санда, алда-жалда, азан-қазан, әлем-жәлем, әңкі-тәңкі, быт-шыт, егіл-тегіл, ығай-сығай, іри-тіри) сөздер де бар. Романнан мысалдар келтірейік: Ертеңді-кеш *ағыл-тегіл* қымыз сапыртады (131). Бұл кезде үш жылқышы *ұмар-жұмар* түскен-ді (98). Мағаш соған іле-шала әзіл айтты (760.2). Шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде *ыю-қию* араласып жатқан сияқты (8.1). Сайлауға жиылған қалың елді ұлықтар үйінен кейін серпілтіп, *алқа-қотан* отырғызды (49.1). *Оқта-текте* бәйбішесі Күнкенің қасында болады (40.1). *Анда-санда* Айғыз да кеп естуші еді (104.1).Тек жүрегі сағыныш, налыс сазын шерте тындап, тірлік әмірі *ұйқы-тұйқы* бұзып жіберді (470.1). Арада тағы да әлденеше көкқасқа айтып, күндіз-түн *көл-көсір* қып мал сойып, ұзақ қызық көріп жаты (162.1). Немене ана жағың *азан-қазан* болып кетті? (391.1).

Бұл топқа тән түсініксіз сыңарлардың кейбіреулерінде тіпті ешқандай да мағына жоқ болса, кейбіреулерінде әлдеқандай күңгірт я кейде азды-көпті аңғарарлықтай мағына барлығы сезіліп тұрады. Мысалы: анда-санда, кәкір-шүкір, қым-қуыт, ығы-жығы, әңкі-тәңкі сияқтылардың сыңарларының бірдебіреуінен де жеке тұрғанда ешқандай мағына аңғарылмайды. Ал, ым-жым, ың-жың, тырым-тырақай, ту-талақай, алба-жұлба, ұйпа-тұйпа дегендердің кейбір сыңарларынан азды-көпті мағынаның нышаны білінеді. Мысалы: Ұлы сәске кезінде, Қарамола жәрмеңкесінің басы *ың-шың, у-шу* әбігер қарбаласқа

ауысқан (365.2). Ол нышан я белгі сол сыңарларды қазіргі тілімізде я жеке-дара жұмсалатын сөзбен, я қосарланып, я қайталанып қолданылатын сыңарлармен салыстырғанда айқындала түседі. Мысалы, ым-жым дегендегі бірінші сыңарды ым қақты (ымдасты) деген сөзге, екіншісін жымыр я жымқыр деген сөздерге (сыртқы дыбыстық жағынан да, ішкі мағыналық жағынан да) салыстырып, оның төркінін де, мағынасын да анықтауға болады. Ал, тырым-тырақай, ту-талақай дегендердің екінші сыңарларын тырақайлап қашты, талақай, талау сияқты формалармен ұштастырып қарастыруға болады. Алба-жұлба, ұйпа-тұйпа дегендердегі жалба формасын жалба-жұлба, жалба-жалба сөздерімен, ұйпа дегенді ұйпалақ, ұйпалау сөздерімен байланыстыруға болады.

Екі сыңарының да мағынасы жоқ қосарлама сөздердің кейбір компоненттері бір ғана сөздің емес, бірнеше сөздің құрамынан кездесіп отырады. Мысалы: анда-санда, оқта-санда, оқта-текте, оқтын-оқтын дегендердегі санда формасы алғашқы екі сөзде, оқта (оқтын) формасы соңғы үш сөзде қатысып тұр. Ал, ың-жың дегендегі ың формасын ың-жың дегендегі ың формасын ың-шың, ыңырсу, ыңырану сөздерімен салыстыруға болатын сияқты, ым-жым дегеннің екінші сыңарын жым-жырт, жым-жылас дегендердің құрамынан, ал тым-тырыс дегеннің сыңарын тымырскы, тымырайған дегендерден табуға болады.

Қос сөздердің қазіргі кезде түсініксіз болып немесе мағынасы жоқ сияқтанып көрінген сыңарлары мынадай екі түрлі жолмен пайда болған:

Біріншіден, әуел-баста дербес мағынасы бар белгілі бір сөз екі рет қайталанып, бірте-бірте оның я бірінші, я екінші компоненті бастапқы өз мағынасын біржолата жоғалтумен (делексикаланумен) бірге, дыбыстық жағынан да тиісті өзгеріске ұшыраудың нәтижесінде өзіне тән дербестігінен айрылып, тек өзгермейтін компонентке қосақталып жұмсалатын қосалқы я қосақтама мүше ретінде ғана қалыптасқан.

Екіншіден, әуел-баста дербес мағыналары бар басқа-басқа екі түрлі сөз ұдайы қосарланып жұмсала-жұмсала жүріп, бірте-бірте бір сыңары, бірде екеуі де бірдей өз мағынасын я біржолата, я жартылай жоғалтып (делексикаланып), бастапқы өз дербестігінен айрылып, не тек мағыналы компонентке, не бір-біріне қосарланатын қосалқы сыңар ретінде ғана жұмсалатын болып қалыптасқан.

Идиомалану, лексикалану, грамматикалану процестері- қос сөздерге де тән қасиет. Қос сөздердегі бұл процестер практикада әрі үнемі, әрі жиі қолданудың нәтижесінде кейінгі замандарда пайда болған құбылыстар. Мысалы, жүген-құрық, ер-тоқым, бет-жүз, ауыз-мұрын, қас-қабак, ес-түс деген тәрізді қос сөздер идиомаланып, жүген-құрық тигізбеу, ер-тоқымын бауырына алу, бет-жүзге қарамау, аузы-мұрны қисаймау, қас-қабакқа қарау, ес-түсін білмей сияқты аса күрделі сөздерге айналған. Ақай жоқ, тоқай жоқ (ақай-тоқайға қарамау), әйт жоқ, үйт жоқ (әйт-үйт жоқ), Әй дер әже жоқ та, қой дер қожа жоқ дегендермен қатар, естір-естіместен, келер-келместен, келген-кеткен, жатпай-тұрмай, бекер-босқа, бос-текке сияқты қос сөздерде де лексикалану, грамматикалану процестері барлығы даусыз.

Әуелде компоненттері басқа сөз табына тән болғанымен, бірте-бірте лексикалану арқасында, қос сөздердің кейбір формалары өзге сөз табына ауысатыны да байқалады. Мысалы, қысы-жазы, күні-түні, ертелі-кешті деген есімдер, бара-бара, сөйлей-сөйлей, кие-жара, баса-көктей, жатпай-тұрмай, ішпей-жемей сияқты етістік формалары қазір үстеу сөздерге айналған.

Тарихи шығу төркінін, қалыптасу заңдарын топшылағанда, қос сөздер мынадай үш түрлі жолмен дами-дами келіп, үлкен бір арнаға сайған:

1. Қайталама қос сөздер айтылатын ойға әр қилы экспрессиялық, эмоциялық және басқа да қосымша (мысалы, ұлғайту, бәсеңдету, жинақтау, топтау т.б.) мән беру мақсатымен әуелде (тым ерте замандарда) белгілі бір сөзді екі рет қайдалап қолдану машығынан пайда болған. Ал сөздің ықшамдала келіп, бір буын түрінде қайталануы, сондай-ақ, сөздің я дауысты

дыбысының (жарқ-жұрқ, жалба-жұлба), я дауыссыз дыбысының алмасып (ұйпа-тұйпа, үй-мүй, шай-пай) қайталануы кейінгі замандарда қалыптасқан формалар.

2) Қосарлама қос сөздер мынадай екі түрлі жолмен дамып қалыптасқан тәрізді: а) Қосарлама қос сөздердің бір алуаны белгілі бір төл сөзге өзге бір рудың я тайпаның тіліндегі пара-пар я мәндес сөзді немесе көршілес, айлас-күйлес отырған я бұрынғы-соңды белгілі қарым-қатынаста болған басқа халықтардың тілдеріндегі балама сөзді жарыстыра, қосарлап қолдану машығынан туып қалыптасқан. Бірақ бұлардың ішінен кейбіреулерінің жеке, я екі компоненті әуелгі өз мағынасын не солғындатып, не бір жола оны жоғалтып (делексикаланып), тек қосарлама сөздің құрамында ғана қолданылатын көне формаға айналған. Бұл процесте, әрине, тиісті фонетикалық құбылыстардың да өзінше маңызы болғаны күмансыз. Бұл процесте, әрине, тиісті фонетикалық құбылыстардың да өзінше маңызы болғаны күмәнсіз. Бұл процестерді бағдарлау үшін, мысалы, бала-шаға, жора-жолдас, некен-саяқ, жүдеу-жадау, жылау-сықтау, арық-тұрақ, ем-дом, тоқты-торым, әуре-сарсаң, дау-шар, емін-еркін, үйлі-баранды, талан-тараж, бақ-талай, шөп-шалам, ыбыр-жыбыр, ырым-жырым, көз-қарақ, ым-жым, ың-жың, ығы-жығы, оқта-текте, анда-санда дегендерді және аман-есен, сау-саламат, асауқат, іс-әрекет, қару-жарақ, құрал-сайман, заң-зәкүн, машина-сайман, соқа-сайман дегендерді салыстырайық. Мысалы: Ол –осы елдің ішіндегі тынымсыз бұзар, атқамінер, партияқорлардың толып жатқан *дау-шары* туралы (155.2).

ә) Қосарлама қос сөздердің бір алуаны сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің, айқындауыш мүшелердің логикалық, формалық, интонациялық райға қарай, бірте-бірте орын жағынан да өз ара орайласып, бір-бірімен үнемі жұпталып айтылып, жұпталып қолданылуына сәйкес, бірде күрделі, бірде бір бүтін, тұрақты сөз ретінде, бірде бір-бірінен ажырасатын бірыңғай мүшелер ретінде жұмсалу машығынан қалыптасқан. Практикада әрі байлаулы, әрі еркін қолданылатын осындай қасиет екі жағы да мағыналы қосарлама сөздерге тән.

## Қорытынды

Жалпы қазақ тіліндегі күрделі сөз, оның табиғаты мен морфологиялық құрылымы және оның түрлері, М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы күрделі сөздердің қолданылуы жайындағы жоғарыда айтылғандарды жинақтай келгенде, мынадай түйіндер жасауға болады:

1. Күрделі сөз кемінде екі түбірдің бірігуінен, тіркесуінен немесе қосарлануынан жасалады.
2. Жалпы сөз атаулыға, соның ішінде күрделі сөздерге тән басты белгілердің қатарына семантикалық тұтастық, морфологиялық тұтастық, синтаксистік тұтастық белгілері жатады.
3. Қос сөздер құрылымдық қасиетімен сипатталады, оның сыңарларының аралығына басқа бір сөзді қойып айту мүмкін емес. Күрделі сөзді құрастырушы сыңарлардың да орны бекем болып, олардың орнын ауыстыруға немесе басқа бір сөзбен ауыстыруға келмейді.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романында күрделі сөздердің, оның ішінде қос сөздердің молынан кездесетіндігін көрдік. Қос сөздерді де қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деп екіге бөліп үйрендік. Қайталама қос сөздерді компоненттерінің ерекшеліктеріне сәйкес қосымшасыз түбірдің қайталануынан құралған, қосымшалы түбірдің қайталануынан құралған, түбірдің бір дыбысы өзгертіліп құралған және түбір ықшамдалып құралған қос сөздер деп іштей топтастырдық. Және олардың әрқайсысына «Абай жолы» романынан мысалдар келтірдік. Бұндай қайталама қос сөздердің ішінде түбірдің бір дыбысы өзгертіліп құралған зат есім сөздер басқа сөз таптарына қарағанда мол ұшырасатыны байқалады. Мысалы: ..Жаздай қайықтан жиған *тиын-сиыныма* бір ат, арба әперіп, соны жүк тасуға бержабайға салайын деп едім (568.2).

Қосарлама қос сөздерді компоненттерінің дербестігі бар я жоқтығына қарай, екі компоненті де мағыналы қос сөздер, бір компоненті мағыналы, бір

компоненті мағынасыз және екі компоненті де мағынасыз қос сөздер деп бөліп, олардың «Абай жолы» романындағы қолданылу сипаттарын қарастырдық. Мысалы: Азын-аулақ қойлар мен *төртті-бесті* ірі қараның айналасында *қатын-қалаш, кәрі-құртаң, ер-азамат* көп-көптен келеді (225.2).

Компоненттері мағыналы қос сөздерді қарама-қарсы сыңарлардан, мәндес сыңарлардан және мағыналас сыңарлардан құралған қос сөздер деп үш топқа бөліп, олардың әрқайсысына романадан мысалдар келтірдік. Бір сөйлемнің ішінде қарама-қарсы мәнді қайталама қос сөздердің бірнешеуін қолдану жазушының тіл шеберлігін көрсетеді. Мысалы: Ол өлкеге Бөжейді жоқтап, *ертеңді-кеш, күндіз-түні*, «бауырымдап» аңыраған, андыздап ат қойып, ағылып кеп, төгіліп түсіп жатқан *әйел-еркек, жас-кәрінің ұшы-қиыры* жоқ (135.1).

Компоненттері мағынасыз қосарлама сөздер де бір сыңары түсініксіз және екі сыңары да түсініксіз қос сөздер болып екіге бөлінеді. «Абай жолы» романында бала-шаға, қатын-қалаш, жігіт-желең, айып-анжы, кәрі-құртаң, көл-көсір сияқты бір сыңары түсініксіз және азан-қазан, алай-түлей, азан-қазан, анда-санда, ұйқы-тұйқы, ағыл-тегіл және т.б. сияқты екі сыңары да түсініксіз қосарлама қос сөздер де жиі ұшырасады. Мысалы: 1. Сол кезде Құнанбай үй-ішіне, *бала-шағасына емін-еркін* тиетін болды (177.1). 2. Дүние сонша бүрісіп, *алай-түлей* ішінде кішірейіп, тарылған *астан-кестеңге* түскен.

Қорыта айтқанда, М.Әуезовтің «Абай жолы» романында қос сөздердің дерлік барлық түрлері кездесетіндігін байқадық. Және жазушы оларды өз шығармасында көркемдік шеберлікпен және стильдік бояулармен да дәл және анық қолдана білген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы. 1992ж.
2. Әуезов М. «Абай жолы» роман-эпопея. 1-2. кітап. Алматы. 1985ж.
3. Балақаев М., Жанпейісов Е. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 1974ж.
4. Бекбергенов А. Қарақалпақ тилинде сөзлердин жасалыўы. Нөкис, 1979
5. Da'wletov A., Da'wenov M., Qudaybergenov M. Ha'zirgi qaraqalpaq a'debiy tili. Morfemika, Morfonologiya. So'z jasalw. Morfologiya. No'kis, 2010
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы. 1998ж.
7. Исаев С. Қазақ тілі. Алматы, 2007
8. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы 1989ж.
9. Нажимов А. Жуп сөзлер. Нөкис, 1979
10. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы 1991ж.
11. Төлеуов Ә. Сөз таптары. Алматы. 1989ж.
12. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы. 2007ж.